




# Тері физиологиясы

Орындаған: Мұратова Ботагөз



● **Тері** - адам денесінің сыртқы жабыны. Тері ағзада әр түрлі қызмет атқарады. Ішкі мүшелерді сыртқы ортаның механикалық әсерінен (соғылудан, жарақаттанудан) қорғайды. Тері микробтарды, еріген улы және зиянды заттарды өткізбей қорғаныштық қызмет атқарады. Тері ағзадағы **зат алмасу** үдерісіне қатысады. Негізінен **су** мен **жылу** алмасуда маңызы бар. Сыртқы ортаның температурасы қаншалықты ауытқығанымен, адамның дене температурасы үнемі тұрақты болады.

# Терінің құрылысы

Сыртқы қабат  
↓  
Эпидермис  
↓  
Жабын, қорғаныш  
↓  
Зақымдану  
↓


Ортаңғы қабат  
↓  
Нағыз тері  
↓  
Тепе-теңдігін  
сақтау  
↓

Ішкі қабат  
↓  
теріасты шел  
қабаты  
↓  
май безі  
↓  
жылу қоры  
↓

- Терінің эпидермис қабаты - көп қабатты жалпақ **эпителий (жабын)** ұлпасынан тұрады. Оның қалыңдығы атқаратын қызметіне сәйкес түрліше болады. Үнемі **механикалық күш** түсетін жерлерде (алақанда, табанда) **эпидермис** едәуір қалың (0,5-2,3 мм). Көкіректе, құрсақта, санда, білекте, мойында **эпидермис** қабатының қалыңдығы 0,02—0,05 мм-ден аспайды.

- Эпидермистің өзі екі қабаттан тұрады. Оның сыртқы қабаты **мүйізді қабат** деп аталады. Бұл қабаттағы тіршілігін жойған жасушалар **қайызғақ** түрінде үнемі түлеп түсіп отырады. **Қайызғақ** көбіне шаштың арасынан айқын көрінеді. Эпидермистің мүйізді қабаты теріні сыртқы ортаның зиянды әсерлерінен қорғайды, ауру қоздырушы ағзаларды өткізбейді. Мүйізді қабаттан шаш, түктер, тырнақтар пайда болған.

# Терінің құрылысы





- Эпидермистің ішкі қабатын - *өсуші қабат* дейді. Бұл қабатта бірқатар тірі жасушалар орналасқан. Ондағы жасушалардың үнемі бөлінуі арқылы тері қалпына келіп отырады. Өсуші қабаттағы жасушалардың бөлініп көбеюі тырнақтардың да, түктердің де өсуіне септігін тигізеді. Терінің екінші қабаты - *нағыз тері қабаты* (дерма). **Дерма** «*тері*» деген ұғымды білдіреді. Сондықтан да тері ауруларын емдейтін дәрігерді **дерматолог** деп атайды.



- **Терінің қызметі**

- Тері - ағза мен қоршаған ортаны байланыстырушы мүше. Терінің қызметі денеміздегі барлық мүшелер жүйесінің қызметімен тығыз байланысты.

Мүшелердің, мүшелер жүйесінің қызметінің бұзылуы теріден айқын байқалады. Мысалы, терінің қызаруы, қышуы, бөртуі, т. б.



- **Терінің қалыңдығы**

- Терінің қалыңдығы 0,5 мм-ден 5мм-ге дейін болады. Ең жұқа тері көздің айналасында және дененің өзге сезімтал жерлеріде орналасқан. Ең қалың тері табанда болады. Оның қалыңдығы 5 мм-ден асуы мүмкін. Әсіресе жалаң аяқ жүретіндердің табан терісі қалыңырақ болады. Ол табанды зақымданудан сақтау үшін қалыңдайды.




## ● Терінің ісік алды аурулары:

- Пигментті ксеродерма,

- Боуэн ауруы,

- Педжет ауруы

- **Пигментті ксеродерма** - жас балаларда, жазда, немесе көктемде басталады, алдымен терінің ашық жерлерінде кішкене қызыл таңбалар пайда болады, олар түлегіш келеді. Кейіннен сол жерлерде жұқа тыртықтар орналасады және бұған қосымша гиперкератоздар, телеангиоэктазиялар, сүйелдер шығады.



- **Боуэн ауруына** көптеген қабығы бар қызыл таңбалар тән, олар майда түйіндер тастап, әр түйін жұқа жылтыр қабықпен қапталады, егер қабық алынса, онда қотыр сияқты суланады, қышыма пайда болады. Дерт көбінесе кеуде терісінен көрінеді.





- **Педжет ауруы** емшекте (емізікте), емшекұшы айналасында, шапта және шап аралықта кездеседі. Бұл - жұқа қабығы бар жара, бірақ ол өз бетінше жазылып тыртықтанатын жара емес, созылмалы, қанды-су шығарып тұратын, өмір-бақи бітпейтін жара, әсіресе, қабығы түсіп қалса.



